

ӘОЖ 378.147

**СОМАТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР  
ЖҮЙЕСІ**

**Алдонғар Сымбат Сәулетқызы**

[symbat.aldongar.99@mail.ru](mailto:symbat.aldongar.99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 7М01717-«Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Шынар Қапантайқызы

Бүгінгі Қазақстанда ең өзекті болып отырған мәселе – қазіргі қазақ тілінің ахуалы. Мемлекет президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елге арнаған жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезең келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деп қазақ тілін ұлтаралық қатынас тілі дәрежесіне айналатындығын баса айтқан болатын. Демек, кезек күттірмейтін жұмыс – өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету

екендігі бәрімізге белгілі. Ал үйрету жұмысының басы – мықты әдістемесінің болуында. Мақалада дене мүше атауларының қазақ тілінің негізгі сөздік қорына жататынын ескере отырып, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі лексикологиясын, оның ішінде, соматикалық лексиканы үйретудің әдістемесіне тоқталатын боламыз.

Тілді қолданушы адамның дене құрылысын, ағзасын атап, бейнелейтін соматикалық лексиканы анықтау, зерттеу, талдау тіл үйрету әдістемесінде өзекті. Бүгінгі таңда қазақ тіліндегі соматикалық атауларды үйрету әдістері, оны есте сақтау жолдары, оқулықта берілетін тапсырмалар сапасы секілді мәселелердің шешімін табу өте маңызды. Сол өзекті мәселені ескере отырып, басты субъект ретінде – қазақ тілді емес мектептерде оқитын бастауыш сынып оқушыларын, ал объект ретінде – үйретуші құрал мектеп оқулығын алып отырмыз. Бұл оқулықты өзге қазақ сыныптарына арналған орыс тілін үйрету оқулығымен салыстырып, нәтижесінде тақырып аясында тапсырмалар жүйесін дайындап, тиімді әдіс-тәсілдер ұсынамыз.

Қазақ тіліндегі соматикалық лексиканы үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін, тапсырмалар жүйесін дайындау үшін қазақ, орыс тілі оқулықтарындағы дене мүше атауларына арналған тапсырмалар мен көрнекіліктер жүйесімен қоса басшылыққа алынған оқу дағдыларын салыстырамыз. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу мақалада салыстыру, сауалнама, сұрақ-жауап әдістерін қолданамыз.

«Сома» грек сөзі «дене» деген мағынаны білдіріп, лингвистикада дене мүше атаулары «соматизмдер» деп аталады. Тілде соматизмдер өте жиі қолданылады, тұрақты тіркес жасауда «ұйытқы» сөз ретінде жиі ұшырасады. Бұл оның тікелей қызметімен байланысты. Егер өмірлік тәжірибеге қарасақ, нәресте өз өмірінде алғаш тілі былдырлап шыға бастаған кезде «мама», «папа», «ата», «әже», «аға» т.б. туыстық атауларды айта бастайды. Осыдан кейін ата-анасы, жақындары нәрестеге «бас», «қол», «мұрын» т.б. сынды өз физиологиясын түсіндіретін сөздерді меңгертуге тырысады. Бүлдіршін тарапынан да дене мүше атауларына деген қызығушылық артып, өзі нұсқап көрсетіп, бірден жаттап алады.

Осы пікірімізге дәлел іздеу мақсатында, зерттеу жұмысының бастапқы сатысында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 30 респондент қатысты. «Дене мүше атауларын білу тілді үйренуде маңызды ма?» деген бірінші сұраққа сауалнамға қатысушылардың 100%-ы «Иә, өте маңызды» деп жауап берген. Ал, «Не себепті ата-ана кішкентай баласына бірінші кезекте дене мүше атауларын үйретуден бастайды?» сауалына қатысушылардың 20%-ы «есте сақтау оңай» деп белгілесе, 30%-ы «ойлау қабілетін дамытады» деген нұсқаны таңдаған, ал 50%-ы «балаға өз дене мүше атауларын білу қызықты» деп санаған, 30% -ы «осы жауаптардың барлығы» деп есептейді. Осы сауалнама қорытындысы көрсеткендей, ең көп пайыздық көрсеткіш «балаға өз дене мүше атауын білу қызықты» деген нұсқада. Демек баланы дене мүшелерінің атауларын білу қызықтырады.

Ғалымдар дене мүше атауларының лексикалық қорда алатын орны туралы біршама пікірлер білдірген. Зерттеуші Ә.Болғанбаев: «Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға сонша бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де, айрықша көзге түседі», - дейді [1]. Профессор Б.Хасановтың пікірінше: «Метафраларды саралай келгенде, олардың адамға, оның дене мүшелеріне байланысты жасалғандарын көп кездестіреміз. Адам өзінің қасиеттерін табиғат құбылыстарын, жансыз, нәрселерге ертеден-ақ теліген. Бұған қарағанда адамға байланысты метафоралар – ең көне метфоралар. Адамның метафоралары қолданылмайтын мүшесі жоқ, басынан бастап, бақайына дейін, яғни барлық мүшесі түгел метафрланады» [2].

Өзге тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың

сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Ол үшін бізге өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде не қажет?

Ғалым А.Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшемі боларға керек», - дейді [3, 438]. Ахмет Байтұрсыновтың осы пікірін негізге ала отырып, мектеп керектеріне біз ең біріншіден, «мектептің жаны - мұғалім» дегендей кәсіби шебер мұғалімді айтамыз. Екіншіден, дұрыс таңдалып, құрастырылған білім беру бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға сай мұғалімге көмекші құрал әдістемелік оқулықтар және тілді үйрететін оқу құралдары қажет. Жалпы, оқу құралдарының қатарына қағаз, қалам, орындық, парта т.б секілді материалдық қажеттіліктерді жатқызамыз. Ал, негізгі оқу құралы – қазақ тілін үйрететін сапалы оқулықтар.

Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай қазіргі қазақ тілін басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған «Қазақ тілі: Балапан» оқулығын зерттеу нысанымызға алдық. Оқулықтың 2-бөлімінде дене мүше атауларына байланысты білім «Тәні саудың жаны сау» тарауында қарастырылған. Осы тараудағы сабақ атаулары: «Оң қолымда – бес саусақ», «Дене мүшелері», «Әлібек, тісінді тазала!», «Әнелдің шашы ұзын». «Оң қолымда – бес саусақ» сабағында: екі айтылым, бір жазылым, бір оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар бар. Жаңа сөз ретінде: *саусақ, бармақ, баппай* сөздері берілген. «Дене мүшелері» сабағында оқушылар атаулардағы дыбыстардың дұрыс айтылуын тыңдап, өздері қайталау арқылы үйренеді. Мысалы: мұрын [мұрұн], ауыз [ауұз] т.б. Жазылым тапсырмасында балалар суретте көрсетілген сөзді сөйлем ішінде берілген көп нүкте орнына қояды. Атап айтқанда: *Аннаның ..... әдемі (суретте көз бейнесі көрсетілген)* [4, 8]. «Әлібек, тісінді тазала!» сабағында оқушылар тазалық сақтау әдебіне қатысты тапсырмалар орындап, жаңа сөздермен танысады. Сабақ кіріспесінде «тара» етістігі III жақта жіктеліп берілген. Мысалы: Мен шашымды тараймын...Тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушылар күн тәртібіне қатысты шағын мәтінмен танысады. Айтылым тапсырмасында суреттерге қарап, сөйлемді толықтырады. «Әнелдің шашы ұзын» сабағында түс атаулары, шаш ұзындығына қатысты сөздерді үйренеді. Нәтиже сабақта оқушылар топқа бөлініп, орталарынан бір қыз немесе ұлдың киімін, сыртқы бейнесін сипаттап, мәтін дайындайды.

Ендігі кезекте Калашникова Т.М., Беспалова Р.Х. авторлығымен жазылған «Русский язык» атты қазақ тілінде оқытатын мектептердің 1-сыныптарына орыс тілін үйрету құралына тоқталамыз. Оқулықтың «В здоровом теле – здоровый дух» тарауындағы сабақтарды қарастырамыз. Сабақ кіріспесі ретінде оқушы мен Роботтың диалогы берілген. Ученик: «Робик, послушай загадку: «На земле он всех умней, Потому что всех сильней». Робот: «Это человек! Только я не понимаю, как он передвигается, ест, говорит.» Ученик: «Я тебе расскажу, как устроен человек» [5, 136]. Осы сөйлесу мәтіні арқылы балалардың да қызығушылығы оянып, осы сұраққа жауап іздеуге тырысатыны анық. «Части тела» сабағы бойынша тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытуға байланысты 3 тапсырма берілген. Сөздік ретінде дене мүше атаулары мен «думать-ойлау, прыгать-секіру» сияқты сөздер көрсетілген. «Части тела. Обмен мнениями» тарауы 5 тапсырмадан құралған. Тапсырмалар оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытуға бағытталған. Соңында оқушылар сыныптастарынан адамның ең басты қызмет атқаратын дене мүшелері туралы сұрап, бір-бірімен ой бөлісуі керек. Бұл тапсырма арқылы оқушылардың сөйлеу, қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды. Келесі «Менің мүсінім» сабағында бірнеше ақпараттық постерлер, сызбалар берілген. Алғашқы постер: «*Почувствуй вкус окружающего мира*». Оқушылар қоршаған ортаны танитын сезім мүшелерін айтады, үйренеді. 2-постер: «*Здоровье – это богатство!*». Оқылым, айтылым дағдыларын дамытуға байланысты тапсырмалар көрсетілген. Жалпы, бұл сабақта көрнекілік құралдар, сызбалар, иллюстративтік

материалдар жақсы қамтылған және оқушының ойлау қабілетін дамытады. «Визит врача» сабағында жұмбақ шешумен басталады, егер оқушы осы сұрақты шешсе, бүгінгі тақырыпты өзі таба алады. Бұл сабақ алған білімді өмірде қолдануға негізделген тапсырмалар жүйесінен құралған. Негізінен айтылым, тыңдалым дағдыларымен қатар тілдік қарым-қатынасты орнатуға арналған тапсырмалар түрлері көптеп кездеседі. «Визит к врачу» сабағы 3 тапсырмадан құралған. Бірінші дәрігерге барған Дана мен әжесінің диалогы беріледі. Оқушылар диалогты рөлге бөліп, сахналауы керек. «Визит в поликлинику» сабағында оқушылар Санат және робикпен бірге ауруханаға экскурсияға аттанады. Бұл экскурсия барысында оқушылар аурухана, бала дәрігері, терапевт, көз дәрігері, тіс дәрігерлерімен танысады. Барлық сабақтардың соңында бағалау ретінде «қуану, жымию, мұңаю» секілді көңіл-күйде тұрған балалар суреті берілген. Оқушылар осы көңіл-күйлер арқылы өздерін бағалайды. Тарау соңында «Что мы узнали», «Проверь и оцени свои достижения» деген тақырыпта пысықтау сұрақтары бар.

Байқағанымыздай, қазақ тілді сыныптарға орыс тілін үйрету оқу құралында тілдік қарым-қатынас орнатуға жақсы көңіл бөлінген және оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттыратын тапсырмалар да көптеп кездеседі. Сонымен қатар алған білімдерін өмірде қолдана алу үшін тақырыптар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылған. Ал, орыс тілді сыныптарға қазақ тілін үйрету оқулығында басымдық - жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын дамыту тапсырмаларына берілген. Әрине, бұл өте дұрыс, дегенмен коммуникативтік құзыреттілігін дамытатын тапсырмалар беру, оқушының пікірін сұрау, диалог құрастыру т.б. сынды тапсырмалар көбірек берілсе, тіптен сапалы болатынына сеніміміз мол.

Әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде нені басшылыққа алу керектігін санамалап көрсетеді: «Біріншіден, оның қазақ ұлтының, қазақ халқының ана тілі екенін, ертеден дамыған тарихы, әдеби тіл дәрежесіне көтерілген салаларын, жазба тілге тән т.б. басты қасиеттерін түсіндіру қажет...» [6, 72-73]. Осы пікірде айтылғандай, бүгінгі күні біз өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту арқылы елдің мәдениетін, тарихын, әдебиетін үйрете аламыз. Ол үшін бөлінген білім көлемі мол, әрі сапалы, үйрету әдіс-тәсілдері тиімді болуы керек.

Өзге ұлт оқушыларына қазақ тілін үйрену үшін ең басты қажеттілік тілдесім дағдысын дамыту. Тілдік қарым-қатынаста тілді үйрену нәтижелі болатыны анық. Осыған сай біз соматикалық лексиканы үйретуде Ф.Оразбаеваның қатысымдық әдісін таңдадық. Қатысымдық әдісті пайдаланудың тиімділігі – оның тіке байланысқа негізделіп, адамдардың тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, тікелей қарым-қатынас болмаса, тілдесім әрекеті де болмайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды таңдап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстар мен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді айқын белгілемей, алға қойға мақсатқа жете алмаймыз.

Тілді үйретуде тек бір ғана әдіспен шектелуге болмайды. Әдіскер ғалымдар еңбектерін қарап отырсақ бірнеше әдістерді қолданып, оқытудың тиімділігін арттыруға болатынын байқаймыз. Мысалы: Ш.Х.Сарыбаев аудару, зерттеу, сан әдістері, С.Жиенбаев оқыту, жазу, дағдыландыру әдістерін ұсынса, И.Маманов көрнекілік, сөйлемді толықтыру, аудару әдістеріне талдау жасаған. Ғалым И.Маманов оқушыларға қазақ тілін үйретуде – тұтас әдіс маңызды деген пікір білдіреді. «Оқушыларға қазақ тілінен өткен материалдарын берік меңгертіп, әрбір үйренгенсөзін есінде сақтап, оны сөйлемде пайдалана алатындәрежеге жеткізу үшін ең ұтымдысы – тұтас метод»[7, 3-12]. Бұл әдіс бойынша мұғалім:

1. Оқушылар әр сабақта үйренген жаңа сөзін сөздік дәптерлеріне жазады;
2. Үйренген сөздерін сөйлемде пайдалана алады;
3. Қазақ тіліне тән дыбысы бар сөздерді дұрыс жазып, дұрыс айтуға үйренеді;

4. Оқушылардың сөйлем құрамында сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлемді дұрыс құруына жаттықтырады»,- сияқты мәселелерді әрқашан назарда ұстау керектігін көрсетті.

Профессор Н.Оралбаева, Қ.Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқулығында қазақ тілін оқытуда: баяндау, түсіндіру, ойландыру, жалқылау, жалпылау, әңгімелеу, еліктеу, жаттығу, ана тілмен салыстыру, көрнекілік, топ, экскурсия әдістерін атап көрсеткен.

Біз 2-сынып оқулығынан «Тәні саудың жаны сау» тарауынан «Дене мүшелері» сабағын қандай жұмыс түрлері арқылы тақырыпты аша алатынын анықтауымыз керек. Жұмыс түрлеріне: диалог, викторина, карточкамен жұмыс, сурет, сызба бойынша жұмыс, экскурсия, оқушылардың шығармашылық жұмыстары(шығарма, тақпақ т.б), интеграцияланған сабақтар. Сабақ барысында тілдік қарым-қатынас үш түрлі жолмен жүзеге асады: 1) Жұптық; 2) Топтық; 3) Ұжымдық



Ұжымдық

Тапсырмалар құрастыру барысында сауалнама нәтижесі көп көмегін тигізді. Мысалы: «Дене мүше атауларын үйрету барысында оқушыларға жұптық, топтық, жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастыруға бола ма?» деген сауалға алпыс пайыз респондент «иә, оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытады», ал жиырма пайызы «жоқ, тек дене мүше атауларын білсе жеткілікті» десе, жиырма пайызы «әрине, жаттаған сөздерін практикада қолдана алады» деп жауап берген. «Сіз қандай тапсырма ұсына аласыз?» деген сауалға «суретте көрсетілген дене мүше атауларын жаз»; «парталас көршіңді сипаттау мәтінін жаз»; «дене мүшелерінің қызметі туралы айтып бер» т.б тапсырмаларды ұсынған болатын. Осыларды ескере келе, төмендегідей тапсырмаларды беріп отырмыз.

**1-тапсырма:** Дене мүше атауларын ата. Сұрақтарға жауап бер. (Екі оқушы жұп болып, бірі сұрақты оқыса, екіншісі сұраққа жауап беріп диалог орнатуы керек). 1. Бас адамға не үшін керек?(ойлау, сөйлеу, көру) 2. Қол адамға не үшін керек?(жазу, көмектесу, ұстау); 3. Аяқ адамға не үшін керек? (жүру, жүгіру, секіру)

Не үшін?

- Екі көздің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін!

Бұл тапсырманы орындамас бұрын дене мүшелерінің атқаратын қызметтерімен таныстырып, Қадыр Мырза Әлінің өлеңін оқып, мағынасын түсіндіріп, жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазғызып алу керек. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі дамиды. Сонымен қатар өлең жолдарын талдау арқылы, бала бойында әр дене мүшені тек жақсылық үшін пайдалану керектігі жөнінде тәрбиелік ой қалыптасады. Жалпы сабақ барысында қосымша өлеңдер, мәтіндер, мақал-мәтелдер т.б. қосу тақырыпты ашуға көмектеседі, әрі оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оған дәлел ретінде сауалнамада берілген «Оқушыларға тілді үйретуде дене мүше атаулары кездесетін мақал-мәтел, тұрақты тіркес, өлең жолдарын сабақ процесіне қосу қаншалықты тиімді деп ойлайсыз?» сұрағына қатысушылардың елу пайызы «100% тиімді» десе, отыз пайызы «тиімділігі орташа» деп жауап берді. Ал, қалған жиырма пайызы «тиімділігі бар, бірақ сабақ процесіне қоспаса да болады» деп жауап берген.

Әдіскер-ғалым А.Байтұрсынов қазақ тілін оқытуда көрнекілік әдіске ерекше мән берген. Мектеп оқушыларына арналған оқулықтарында сөйлеуге үйрету мен тіл ұстартудың жолы ретінде суреттерге көп көңіл бөлген. Ғалымның 1926 жылы басылған «Әліппе» және «Сауат ашқыш» оқулықтарында суреттер, иллюстративтік материалдар көптеп кездеседі. Дәл осы пікірге байланысты педагог-ғалым Ж.Аймауытов баланы ынталандыру үшін оқыту процесінде

көрнекілікті қолдануды күшейту керектігін айтқан болатын [8]. Сабақ барысында көрнектіліктерді қолдану өте маңызды. Сол себепті біз де сауалнамаға «Сізге дене мүше атауларын үйренуде, жаттауда қай әдіс тиімді болады деп ойлайсыз?» деген сұрақты енгізген едік. Бұл сұраққа елу пайызы «көрнекілік әдісі» нұсқасын таңдаса, он пайызы «мәтінмен жұмыс әдісін» белгілеген, келесі он пайызы «сөздік әдісі», ал отыз пайызы «барлығы» деп жауап берген болатын. Осы сауалнама нәтижесі де «көрнекіліктің» тіл үйренуде пайдалы әдіс екенін дәлелдейді.

Қазіргі кезде ақпараттық-технологияның дамыған заманында түрлі-түсті суреттер мен сызбалар, постерлерді интербелсенді тақтадан көрсете аламыз. Дегенмен егер көрнекіліктерді оқушы өз қолымен ұстап, көре алатын болса, тіптен әсерлі болары анық. Сол мақсатта екінші тапсырмада көрнекілік ретінде карточкаларды қолданатын боламыз. Үлгі: Оқушылар, сіздер дене мүшелеріңіз қандай қызмет атқаратынын білесіздер ме? Мына карточкаларда әр түрлі заттар мен сұрақтар берілген. Сіздер оларды байланыстыра отырып сұраққа жауап бересіздер.



1. 2. 3.

*Сұрақтар бөлек карточкада болады. 1.Қасық: Сен мені ненің көмегімен аласың? Сұрақты оқыған оқушыға «қасықтың» суретін алған оқушы «Мен қасықты қолыммен аламын» деп жауап беруі қажет. 2. Нан: Сен мені ненің көмегімен шайнайсың? Мен нанды тісіммен шайнаймын. 3. Кітап: Сен мені ненің көмегімен оқисың? Мен кітапты көзіммен оқимын деген секілді шағын тілдік қарым-қатынас құрады.*

Біз талдаған қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі оқулығында тапсырмалар: оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым сияқты дағдыларды дамытуға арналған. Ол түсінікті де, себебі лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін осы төрт түрге бөліп қарастырады. Ал, Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас негіздері» еңбегінде «Біз жан-жақты тәжірибеге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырамыз. Олар: «оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім» деп көрсетеді [6, 102]. Біздің құраған тапсырмаларымыз негізінен осы тілдесім дағдысын дамытуға бағытталған.

Қазіргі уақытта алынған білім, үйретілген тіл қолданбалы сипатқа айналуы өте өзекті. Яғни, оқушылар күнделікті өмірде алған білімдерін қолдана білуі керек. Дәл осы білім беру жүйесін ғалым А.Байтұрсынов: «Баулу мектебі» атты мақаласында: «Өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ, «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім бәрінен жандырақ. «Баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігелей түсіру»-деп дәп басып көрсетеді. Әр мұғалім өз алдына «Мен оқушыға қандай пайдалы білім бере аламын?» деген сұрақ қойып, соған жауап бере алатындай оқыту процесін ұйымдастыруы керек. Шебер мұғалім білім алушы көкірегіне: «Мен алған білімімді өмірде қалай қолдансам болады?» деген сауалды ұялатуы керек. Сонда ғана мақсаты айқын, нәтижелі білім беру жүйесі болатыны анық.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Болғанбаев А. «Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің тәжірибелері» - Алматы. 1989ж.
2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Автореф. Дис. ...канд. филол.наук. – Алматы,-187 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.

4. Қазақ тілі: Балапан. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған (жаңартылған білім мазмұны негізінде өңделіп, қайта жасалған) / Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина және т.б. – Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2017. 136 бет.
5. Калашникова Т.М., Беспалова Р.Х. Русский язык: Учебник для 1 кл. общеобразоват. шк. с каз. яз. обучения. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 156 с.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 б.
7. Нұржанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің түрлері. // Қазақ тілі мен әдебиеті 2002. №9 3-12 б.
8. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, Қазмембас, 1924.